



ЕУРОПА ПОЭЗИЯСЫ  
XX ҒАСЫР



---

әлем әдебиеті кітапханасы



“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА  
2010

“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН  
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ  
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

---

Әшімбаев М.С., кеңес төрағасы  
Асқаров Ә.А., жауапты хатшы  
Абдрахманов С.  
Атабаев Қ.М.  
Аяған Б.Ғ.  
Әбусейітова М.Қ.  
Әжіғали С.Е.  
Әлімбаев Н.  
Әуезов М.М.  
Байпақов К.М.  
Балықбаев Т.О.  
Дүйсембаев Е.С.  
Есім Ғ.  
Жақып Б.Ө.  
Жұмағалиев А.Қ.  
Қозыбаев І.М.  
Қасқабасов С.А.  
Қойгелдиев М.Қ.  
Құл-Мұхаммед М.А.  
Құрманбай Ш.  
Мәжитов С.Ф.  
Мұхамедиұлы А.  
Мыңбай Д.Қ.  
Нысанбаев Ә.Н.  
Өскенбаев Қ.А.  
Салғара Қ.  
Самашев З.  
Сариева Р.Х.  
Сұлтанов Қ.С.  
Тұяқбаев Қ.Қ.  
Түймебаев Ж.Қ.

---

---

---

ЕУРОПА ПОЭЗИЯСЫ  
XX ҒАСЫР



---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

әлем әдебиеті кітапханасы

*Аударма*

УДК82-821=03:811.512.122

ББК84Еуроп-Каз

Е 89

**“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы  
көркем әдебиет секциясының мүшелері:**

Кекілбаев Әбіш (серияны құрастырушы), Абдрахманов Сауытбек  
(*төрага*), Әбдіков Төлен, Асқаров Әлібек, Бельгер Герольд,  
Елеукенов Шерияздан, Нұрғали Рымғали, Нұрпейісов Әбдіжәміл,  
Михайлов Валерий, Мұртаза Шерхан, Мырза Әли Қадыр,  
Оразалин Нұрлан, Сүлейменов Олжас, Тарази Әкім,  
Шапай Тұрсынжан, Юсупов Кеңес.

Құрастырып, алғы сөзін жазған *Ж.Әскербекқызы*

**Еуропа поэзиясы. XX ғасыр.**

**Е89** Астана: Аударма, 2010 – 424 бет.

ISBN 9965-18-305-8

УДК82-821=03:811.512.122

ББК84 Еуроп-Каз

ISBN 9965-18-305-8

© “Аударма” баспасы, 2010

---

## **ЖИЫРМАСЫНШЫ ҒАСЫРДАҒЫ ЕУРОПА ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ІРІ ТҮЛҒАЛАРЫ**

XX ғасыр әлемдегі түрлі оқиғаларға, өзгерістерге, дүмпуге толы кезең болғаны белгілі. Еуропа кеңістігін толығымен шарпыған бірінші дүниежүзілік соғыс, социализм атты екінші лагерьдің саясат әлеміне енуі, т.б. жағдаяттар әдебиет және мәдениет адамдарының тағдырына ерекше әсерін тигізді. Болып жатқан дүрбелеңдер әдебиеттің ішінде белсенді жанр – поэзияның дамуына, түрлі ізденіс бағыттарына түсуіне барынша ықпал етті. Орыс поэзиясындағы “күміс ғасыр” сияқты Еуропа поэзиясында да жаңа ізденістерге бой ұрып, өзіндік мектеп қалыптастырған ақындар шоғыры бой көтерді. Бұл ақындар әлемдік әдебиеттің даму үдерісінде ерекше орын алды. Осы кезеңнің ең таңдаулы үлгілері топтастырылған “Еуропа поэзиясы. XX ғасыр” жинағына сол ақындар шығармаларынан жаңа аудармалар енгізілді.

Жинаққа шығармалары кірген бельгиялық аса көрнекті ақын, драматург **Эмиль Верхарн** Сент-Аман қаласында дүниеге келіп, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында, яғни дүниені дүрліктірген тарихи арпалыстар мен саяси сапырылыстар кезеңінде өмір сүрді. Талантты ақындар, қоғамдық орта мен заман құбылыстарынан тыс қала алмайды. Верхарн да дәл солай. Ол сол заман кезінде болып жатқан саяси күйреулер мен ел басына түскен әлеуметтік күйзелістерді бүкіл азаматтық болмыс-бітімімен, зор ақындық даусымен жеріне жеткізе жырлаған аса ірі ақын. Сондықтан да ол қайталанбас құбылыс ретінде әлемдік әдебиеттен өз орнын ойып тұрып алды дей аламыз. “Монахтар”, “Таңертеңгі сәттер”, “Түс ауғанда”, “Кештер”, “Қара түсті алаулар”, “Өмір бейнесі”, “Алуан түсті сәулелер”, т.б. жыр жинақтары және “Монастырь” драмасы ақынның

қаламгер ретіндегі ерекшелігін танытты. Көптеген өлеңдерінде адам өмірінің қасіреті мен мұңы қалың болса, бірқатар туындылары жарқын оптимизмге толы.

Эмиль Верхарн Руанда темір жол апатынан қаза болды.

Көрнекті қазақ ақыны Жұматай Жақыпбаев “Хуан Рамон Хименестей хас ұлы” деп жырлайтын Испанияның әйгілі перзенті **Хуан Рамон Хименес** Могерде бақуатты шарап сатушының отбасында туған. Әдебиет саласы бойынша Нобель сыйлығының иегері (1956). Пуэрто-де-Санта-Мариядағы иезуит колледжін бітіргеннен кейін, 1896 жылы Севиль университетіне түседі. Бірақ көп ұзамай бұл оқу орнын тастап, журналистік қызметпен айналысады. 1901 жылы Мадридте болып, Ерікті педагогикалық институттағы дәрістерге қатысып, модернист ақындармен, басқа да жас интеллектуалдармен жақын танысады. 1916 жылы АҚШ-қа сапар шегіп, одан қайта Мадридке оралған соң жалғыздықта оқшау өмір сүреді. Өмірінің соңғы жылдарында Пуэрто-Рико және Мэрлиенд университеттерінің штаттан тыс оқытушысы болған.

Хименестің алғашқы кітабы “Шумақтар” 1902 жылы жарық көрді. Бұдан соң жыл сайын дерлік жаңа жыр кітаптарын жариялайды: “Мұңды әуендер” (1903), “Шалғайдағы бақтар” (1904), “Пасторольдар” (1905), “Көктемгі балладалар” (1910), “Элегиялар” (1908-1910), “Меланхолия” (1912), “Лабиринт” (1913), “Жаз” (1915), т.б. Сондай-ақ прозалық лирикаға да қалам тартады (“Платеро және мен”). 1916 жылы кейін ең сенімді серігі әрі қызметтегі көмекшісі болған Зенобия Кампрубиге үйленеді. Неке қию рәсімі Нью-Йоркте өтеді. Мұхитпен алғаш жүздесу, одан соңғы америкалық әсерлер “Енді ғана үйленген ақынның күнделігі” (1917) деп аталған (кейін “Ақын мен теңіз күнделігі” деп өзгертілген) кітабын дүниеге әкеледі. Бұл жылдары “Рухани сонеттер” (1917), “Мәңгіліктер” (1918), “Тас пен аспан” (1919) атты жаңа кітаптарын шығара жүріп, Хименес поэтикалық антологиялар құрастыра бастайды, мұқият талдау және өлеңдерді жаңа циклдерге қайтадан топтастыру арқылы өзінің шығармашылық жолының қисынын анықтауға тырысады. Алғашқы антология 1917 жылы Нью-Йоркте, ал неғұрлым толық жинақталған және қысқаша алғысөзбен қамтылған “Екінші поэтикалық антология” 1922 жылы жарық көреді. 1923 жылы “Поэзия” және “Әдемілік” жинақтары жарық көреді де, одан соң он жылдан астам уақыт бойы Хименес “Жылдың барлық кезеңі” деп аталған, тек 1946 жылы эмиграцияда жүргенінде ғана жарық көрген жыр кітабын жазумен болады. 1956 жылы ерлі-зайыпты Хименестер Испанияны тастап шығады. Бірнеше жыл Кубада, кейін АҚШ-та тірлік кешеді. 1939-1942 жылдары жазған өлеңдері “Коралл Гейблз романстары” деп аталған кітабын құрайды. АҚШ-та ақын тағы да ауыр дертке тап болады – басқа тілдік орта жанын жейді.

Олар Пуэрто-Рикоға оралады да, Сан-Хуан университетінің қамқорлығына алынады. АҚШ-қа алғаш барған жылдарындағыдай Хименес XX ғасырдағы испан поэзиясы туралы дәрістер оқиды, әдеби журналдармен қарым-қатынас жасайды. Дәрістер жазбалары, сондай-ақ рецензиялар, естеліктер мен әртүрлі мақалалар кейін “Шексіз тасқын” (1961), “Модернизм” (1962), “Эстетика және эстетикалық этика” (1967), т.б. кітаптарына жинақталады. 1949 жылы ақынның “Терең мән” деп аталған соңғы жыр жинағы жарық көреді. Бірнеше жыл бойы ақын өз шығармашылық қызметінің қорытындысы іспеттес “Үшінші поэтикалық антология” кітабын құрастырды. Бұл антологияға ол эмиграцияда жазылған, сондай-ақ бұрын жарияланбаған циклдарын (“Флорида әндері”, “Талтүстегі төбелер”, “Жоғалған өзендер”) “Басқа жағалауда” деген жалпы атаумен енгізеді. 1956 жылы Хименеске әдебиет саласындағы Нобель сыйлығы беріледі. Бұл хабардан соң бірнеше күн өткенде Зенобия Кампруби қайтыс болады. Ауыр соққыға тап болған ақын көп ұзамай 1958 жылы мамырда қайтыс болады. “Үшінші поэтикалық антологияны” сол жылы ақын Эухонио Флорит аяқтап шығады. Х.Р.Хименестің архивінен бірнеше мыңдаған өлеңдер табылады, 1964-1967 жылдары “Хуан Рамон Хименестің жарияланбаған кітаптары” (I-II томдар) жарық көріп, оған ақынның, расында да, ешқашан жарияланбаған, сондай-ақ ақын бір рет жариялап, кейін өңдеп, жаңа циклдарға енгізбекші болған шығармалары жинақталды. 1973 жылы әдебиетші Аурора де Альборнос “Хуан Рамон Хименестің жаңа антологиясы” үшін ақынның баспасөзде жарияланған, содан кейін қайта басылмаған бірнеше өлеңін іздеп тапты.

Жиырманшы ғасырдың тағы бір ақыны австриялық ақын **Райнер Мария Рильке** Прагада, неміс отбасында дүниеге келген. Ресейді “рухани Отаны” деп санаған ақын Л.Толстой, Леонид Пастернак сияқты ірі мәдениет тұлғаларымен жақсы таныс болған. Рилькенің алғашқы жырлары неоромантизмге барынша жақын еді. Алғашқы жинағына енген өлеңдері болар-болмас мұңмен астасқан мистицизм сарынымен, айрықша ырғақпен жарқын бейнелілікке толы әуезді тіркестермен ерекшеленеді. Ежелгі рыцарылық тегіне деген ерекше құрметті естен шығармау, сол атаққа тәуелді болу ақынның “Корнет Кристоф Рилькенің махаббаты мен ажалы” атты қара сөзбен жазылған импрессионистік поэмасынан анық аңғарылады.

Үнемі ізденіс үстінде болған қаламгердің Парижге келіп, мүсінші Роденмен танысуы оның шығармашылығында француздың импрессионистік кескін өнері мен символдық поэзиясының тоғысуына әкелді. 1903-1908 жылдар аралығында жазылған “Жаңа өлеңдер” жинағы ақынның дүниетаным кеңдігі мен суреткерлік шеберлігін танытты. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Франциядан кетуге мәжбүр болған ақынның бұл кезеңдегі көңіл-



күйін түсінуге ауыр, күңгірт бояуға толы “Дуинез элегиялары” және шабытқа толы “Орфейге арналған сонеттер” жинақтарынан көруге болады.

Рильке жалғыздықта болды. Оның өмірді қабылдап, түйсінуі, жалпы шығармашылығы өлім туралы ойларға, қасіретке толы еді. Поэзияны барынша сүйген ақын оған деген кіршіксіз сүйіспеншілігінен бір сәтке де ажырамай ғұмыр кешті. 1926 жылы Швейцарияда көз жұмды.

**Уильям Батлер Йейтс** – ағылшын тілді Ирландия ақыны, драматург, Нобель сыйлығының лауреаты (1923). Уильямның әкесі заң саласы бойынша білім алғанымен, ұлы екі жасқа толғанда Лондонға келіп, кескін өнерін үйренуге ден қояды. Уильямның кіші інісі Джек Батлер Йейтс белгілі ирландиялық суретші болған. Мектеп бітірісімен Уильям да көркемөнер училищесіне оқуға түскен. Өлең жазуды ерте бастаған.

Йейтстің “Қамыс басын тербеген жел” атты жыр жинағы оның шығармашылығының алғашқы кезеңінің ең басты жетістігі еді. Бұдан кейінгі “Мұнара” (1928) және “Бұрандалы баспалдақ” (1933) кітаптары ақын шығармашылығының шыңы болып саналады.

XX ғасырдағы аса көрнекті француз ақыны **Поль Элюар** (*шын аты-жөні Эжен Эмиль Поль Грендель*) поэзиясы өзінің шынайылығымен, кіршіксіз тазалығымен һәм төгілген мейірімімен әрі нәзік сыршылдығымен ерекшеленеді. Екі бірдей дүниежүзілік соғыстың куәгері болған ақын 1914 жылы әскер қатарына шақырылған. Майдан әсерлері Элюардың 1917 жылы жарық көрген “Борыш және дабыл” жинағының негізіне алынды. 1918 жылы “Бейбіт күнге арналған өлеңдер” кітабын шығарған соң, 1919 жылдары ақын дадаизмге қарай бет бұрады. “Адамдар және олардың хайуандары, хайуандар және олардың адамдары” (1920), “Тағылымдар” (1921) жинақтарында қалыпты ойлаудан тыс, жұмбақ өлеңдер қатары көбейеді. 1924 жылдың аяғында Л.Арагонмен және басқа қаламгерлермен бірге сюрреалистер тобын басқарады. Сюрреализм Элюар үшін антиреализм емес, мәтінді, ақиқаттың болмысын танытудың бір тәсілі. Оған сюрреализмнің ақыл-парасатқа, тілге, мәдени құндылықтарға қарсы шығарған “бүлігі” жат болды. 1920-1930 жылдар аралығындағы (“Қасірет бұршағы”, “Өмірдің өзі”) шығармалары негізінен жариялылыққа толы мазмұнымен ерекшеленді. Метафораларды, бейнелі сөздерді қолданғанда олардың көпқырлы болмысына ерекше назар аударып, сол айқын, жария ойдың өзін әсем үйлесімділікпен терең мағынаға құра білді. Элюар адам атты болмыстың бәрінен құдіреттілігін танытуға ұмтылады. “Немістермен бетпе-бет” (1942-1945), “Лайықты өмір сүру” (1944), “Феникс” (1951), Пабло Пикассомен бірге жарыққа шығарған “Күллі әлемнің бейнесі” (1950, 1952) кітаптарындағы азаматтық және махаббат лирикасы ақынның поэтикалық

шеберлігін танытты. 1953 жылы ақынға поэзиядағы жетістігі үшін Халықаралық Әлем сыйлығы берілген.

Еуропа поэзиясында өзіндік орны бар көрнекті неміс ақыны **Стефан Георге** Рейндегі Бингенде дүниеге келгенімен, өзінің күллі ғұмырын сыртта өткізді. Фашизм билік құрған Отанына оралуға құлқы болмаған ақын 1933 жылы Швейцарияда көз жұмған.

Стефан Георге – өнердің мессиандық рөлі жоғары бағаланған сәуегей ақындардың элитарлық мектебінің басы еді. Оның өлеңдерінің өрісі өте кең әрі сан алуан: сыршыл, нәзік лирикалық иірімдермен қатар діни-философиялық ауқымдағы тамаша өлеңдер ақын мұрасының негізін құрайды. Ақын фольклорды, көне аңыздарды ерекше сүйді, ортағасырлық әдеби желілерге ден қойды. Стефан Георге шығармашылығы Еуропа ақындары арасында үлкен құрметке бөленді және дүниетанымдарының қалыптасуына ықпал етті. Ол өзінің әдеби мектебін қалыптастырды, жолын қуушы шәкірттері көп болды. Сұлулық пен парасат – ақынның поэзияда ұстанған ең басты бағыты осы еді.

Стефан Георге өлеңдерінде тыныс белгілерінің өзіндік жүйесін қалыптастырды. Үтір атаулыны пайдаланбады. Бұл тәсіл оның поэзиясындағы тереңдік пен эстетикалық әсемдікті шебер үйлестірді. Авторлық пунктуацияға аудармада мүмкіндігінше назар аударылды.

Стефан Георгенің жарқын да дара тұлғасы поэзиясында барынша жарқырай көрінді. Өлеңдерін қымбат асыл тастарға ұқсатсақ, әдемілігі тұрғысынан жақұттай сәуле шашқан, тазалығы жағынан судан да мөлдір алмастай, меруерттей жалтылдаған сөздер үйлесімінен түзілген деуге болар еді. Әрине, мұндай тіл байлығын екінші бір халықтың тіліне сол қалпымен дәл жеткізу қиынның қиыны. Дегенмен де аудармашылар бұл қиындыққа төуекел ете отырып, неміс ақынының шығармаларын тәржімалады. Ешкімге ұқсамайтын дара бітімді ақын өлеңдерін оқи отырып, оның поэтикалық һәм рухани әлемін тану – оқырманның еншісі.

Көрнекті неміс ақыны **Готфрид Бенн** Пуглицедегі лютерант пасторының отбасында дүниеге келген. Зеллиң, Одердегі Франкбургте, кейіннен әскери-медициналық академияда, Марбург университетінің Теология факультетінде оқып, білім алған. Бенн бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін-ақ экспрессионист ақын ретінде танымал болды. 1912 жылы жарық көрген “Мәйітхана” атты шағын жинағы моралистер тарапынан көп сынға ұшырады.

1914 жылы әскер қатарына алынған Бенн қысқа уақыт Бельгия майданында әскери дәрігер болады. Әскер қатарында жүргенде марксизмге, американизмге наразылық білдірген ол біраз уақыт ұлттық социализм идеяларын жақтады.

Бенн 1932 жылы Пруссия Академиясының поэтикалық секциясына қабылданып, 1933 жылдың ақпанында оның жетекшісі болды. Бірақ ұлтшыл-социалистердің сенімін ақтамағандықтан сол жылдың маусымында бұл қызметтен шеттетіледі. 1938 жылы Авторлардың Ұлттық-социалистік ассоциациясы Беннің шығарма жазуына тыйым салады.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Бенн Шығыс Германия гарнизонына жіберілді. Мұнда жүріп, көптеген эсселер мен өлеңдер жазды.

1951 жылы ақын Георг Бюхер сыйлығын алды.

Готфрид Бенн 1956 жылдың 7 маусымында Батыс Берлинде қайтыс болды. Далемдегі Вальдфридхофқа (Ормандағы қорым) жерленген.

XX ғасырдағы аса көрнекті поляк ақыны, драматург, эссеші **Збигнев Херберт** – әкесінің тегі бойынша – ағылшын және армян қаны бар (арғы атасы – Венадан Львовқа көшіп келген ағылшын), Львовта классикалық гимназияда оқыған. Львовты немістер басып алған кезде астыртын университетте оқыған, подхорунжийлық мектеп бітірген, астыртын өлкелік армияда қызмет еткен, жараланған. Соғыстан соң Краков, Торунь, Варшава университеттері мен өнер академиясында оқыған.

Алғашқы жыр кітабы – “Әлемнің пернесі” 1956 жылы жарық көрген. Өз өлеңдерінде үлкен суреткерлерге тән өзіндік үнмен сөйлей білген поляк ақынының даңқы әлемге мәлім болды. Үнемі қарама-қайшылықта, ширыққан тартыста жүретін адамдардың жан-дүниесін арқау еткен терең мәнді шығармалары оны әлемдік құрметке бөледі.

Херберттің барлығы тоғыз кітабы жарық көрген. Олардың қатарында поэтикалық жинақтары, ежелгі және қазіргі мәдениетке қатысты эсселері, пьесалары бар. Еуропа мәдениеті дәстүрі мен классикалық әдемілік қағидаларына шынайы берілу, өткір кекесін мен рух асқақтығы – Херберт поэзиясының басты белгілері. Әдеттегіден тыс метафоралар ақынның поэзиясын ерекшелендірумен бірге, оның дүниені қабылдауын да танытады. Өзінің ұстанымы мен мұратына барынша адал болған ақын шынайылыққа толы кіршіксіз поэзиясын адам баласының рухани қазынасына қосты.

Словения ақыны, бұл халықтың поэзиясындағы ірі тұлғалардың бірі **Эдвард Коцбек** қарапайым еңбек адамының отбасында туған. Тағдыр тауқыметін, мұқтаждықты көп көрген. Ақын, прозашы, публицист, қоғам қайраткері. Соғыс жылдарында халықтық-азаттық қозғалыстың белсенді мүшесі болған. 1936-1941 жылдар аралығында Словениядағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың шынайы көрінісін әшкерелейтін, ұлттық өзекті мәселелерді көтерген өткір мақалаларымен танылады. “Жер” (1934), “Үрей” (1963), “Хабарлама” (1969) сияқты жыр жинақтарының, “Қорқыныш пен қайрат” (1951) атты новеллалар және бірнеше партизан қозғалысы жайлы жазылған естеліктер жинағының авторы. Француз ақындарының өлеңдерін аударған.

Словениялық тағы бір ақын, прозашы, драматург, сыншы **Матей Бордын** шын аты-жөні – Владимир Павшич. Халықтық-азаттық күрестің белсенді мүшесі болған.

Азаттық күреске дейінгі жылдарда оның есімі әдебиет және театр жайлы жазылған пікірталасты мақалалары арқылы кеңінен танымал бола бастайды. 1940 жылы “Люблян қоңырауы” атты журналда оның циклды лирикалық өлеңдері жарық көреді.

“Дауылды да жеңеміз” (1942), “Өлең” (1944), “Көлеңкелеріміздің іздері” (1958), “Алға, алға!” (1963), тағы басқа поэтикалық жинақтардың, “Қашықтықтар” романының (1961), “Түнек шеңберлері” (1953), “Аквариумдағы ғарыш” (1955), “Жұлдыздар мәңгілік” (1959) пьесаларының авторы. 1974 жылы төрт томдық шығармалар жинағы жарық көрген. Шекспир шығармаларын аударушы ретінде де танымал.

Чех ақыны **Ярослав Сейферт** Прагаға жақын Жижков деген жерде дүниеге келген. Бұл кезде оның Отаны Австро-Венгрия империясының құрамында еді.

Ярослав нашар оқушы болып, мектепті тәмамдай алмаса да, әдебиет пен музыканы, шетел тілін өте сүйді. Қабілетті Сейферт 20 жасында бірнеше мерзімдік басылымдардың редакторы болды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Чехия Австро-Венгрия империясының құрамынан шыққанда ол “Руде право” газетінде кәсіби журналист ретінде еңбек жолын бастады.

1920 жылы ол “Тоғыздың тобы” атты авангардтық әдеби үйірмені құрады. Бұл үйірме мүшелері поэтикалық бейнелеуден тұратын өмірді ғана емес, нағыз шындықты көрсететін туындылар жазуға ұмтылады. Сюрреалистік бейнелердің ассоциативті ойлауды негізге ала отырып, синтаксис пен логиканы эксперимент ретінде қолданып, “поэтизм” эстетикасына назар аударған үйірме мүшелерінің бірі әрі ұйымдастырушысы болған Сейферттің “Көзі жасты қала” (1921), “Нағыз махаббат” (1923), “Бал айы” (1925), “Бұлбұл нашар ән салады” (1926) сияқты алғашқы жинақтарына осы “поэтизм” стилі тән болды.

1984 жылы Сейфертке Нобель сыйлығы берілді. Ақын 1986 жылы Прагаға таяу жердегі шағын үйінде жүрек талмасынан көз жұмды.

1968 жылы Чехословакияда пайда болған демократиялық жаңаруларға қарсы бұл елге КСРО мен Варшава Шартына енетін елдер әскерлері басып кіріп, “Прага көктемін” тұншықтырды. Осы жағдай негізге алынған Сейферттің “Прагаға” атты сонеттер шоғыры ең әуелі тіпті де чех тілінде емес, Чехословакияда немесе социалистік лагерь елдерінің бірінде де емес, Василий Бетакидің аудармасымен, орыс тілінде Францияда (“Континент” журналы, №4, Париж, 1975 жыл) жарық көрген.

Италия ақыны әрі эссеші, шығармалары әлемдік поэзияда жоғары орын иеленген **Эудженио Монтале** Генуяда коммерсант отбасында дүниеге келген. Аурушаң бала 14 жасынан бастап өз бетінше оқи бастайды. Әнге, музыкаға құштар болады. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Австрия майданында жаяу әскер офицері болған ол соғыстан соң толық әдебиетке бет бұрады. 1922 жылы “Примо темпо” журналында жарияланған “Аккордтар. Жасөспірімнің сезімі мен қиялы” атты өлеңдер циклы сөзі мен әуені мінсіз тұтасқан жаңа ақынның туғанына анық көз жеткізді. Италияда билікті Муссолинидің алуына байланысты, диктаторлық тәртіпке қызмет еткісі келмеген Монтале Д.Унгаретти, С.Квазимодолармен бірге герметизм бағытының негізін салды. Бұл – олардың адамның ішкі әлеміндегі терең де жасырын “менінің” үнімен астасқан күрес тәсілі еді. Көптеген шығармашылық иелері бұл кезде “Жаңа Римді”, фашистік саясатты, антигуманистік идеялар мен шовинизмді мадақтауда болатын. 1925 жылы Э.Монталенің “Каракатицтер сауыты” атты поэтикалық кітабы жарыққа шықты. 1927 жылы Генуядан Флоренцияға келген ақын кітапхана директорлығы қызметін атқарады. Бұл қызметтен 1938 жылы фашистік партияға кіруден бас тартқаны үшін босатылады. Флоренцияда жүріп, басты тақырыбы махаббат болған “Жағдай” (1939) кітабын жарыққа шығарады. Бұл кітап сондай-ақ фашизмге деген негативті көзқарасын да айқындаған. Бұдан әрі ол В.Шекспир, Ю. О Нил, Т.С.Элиот, Дж.Джойс шығармаларын аударумен айналысады. Өз бетінше ағылшын, француз, испан тілдерін үйренеді.

Э.Монталенің “Финистерре” атты өлеңдер циклы 1940-1942 жылдары жазылып, 1943 жылы Швейцарияда жарық көреді. Ақынның өз сөзімен айтқанда, соғыс бұл циклда үрейлі оқиғаның “сәулесі” сияқты ғана көрінгенімен, жинақ атауының өзінде соғыстың қасіретті шындығы көрініс беретін еді. Финистерре – қалашық атауы, Финис Терре – жердің опат болуы және ақыры. Бұл топтама кейіннен “Дауыл және басқалар”(1956) атты қоғамдық һәм лирикалық сарындағы кітабына енді. Бұл кезде ол “Коррьера делла сэра” газетінде музыка сыншысы әрі шолушы-журналист қызметінде еді. Осы жылы “Динар көбелегі” атты қара сөзбен жазылған өлең стиліне жақын естелік новеллалары шықты. Э.Монталенің “Сатура”(1971), “71 мен 72-нің күнделігі”, “Төрт жылдың дәптері” (1977) атты поэтикалық туындыларында герметизмнің ізі қалмады деуге болады. Ол ескіні жадтан шығаруға, салт-ғұрыпты мансұқтауға барынша қарсы болды.

1975 жылы Э.Монталеге әдебиет саласы бойынша Нобель сыйлығы берілді. Сыйлықты ақынға тапсырарда Монталенің “Поэзия енді өмір сүре ме?” деген сөзі жаңғырып тұрды. Бірақ әлем Э.Монтале Италия

поэзиясындағы екі жағалауды – ескі мен жаңаны – жалғастырып тұрған көпір болған аздардың қатарынан екенін жақсы біледі.

Э.Монтале 1981 жылы Миланда дүниеден өтті.

Белгілі литвалық ақын **Владас Шимкус** Литваның солтүстік-батысындағы Юцяй деген деревняда дүниеге келген. Филолог. Шығармалары 60-шы жылдардан бастап жарық көре бастады. Өлеңдері орыс тіліне аударылып, “Литературная газета”, “Новый мир”, “Знамя”, “Вопросы литературы”, “Огонек”, “Смена” басылымдарында жарияланған. Орыс тіліндегі алғашқы жинағы 1963 жылы “Земля вас любит” деген атпен жарық көрді. 1973 жылы “Ульи” деген атпен екінші жыр жинағы орыс оқырмандарының қолына тиді. Аударғандар – Владимир Корнилов және Леонид Миль. Осы елдің тағы бір үлкен ақыны **Бронюс Мацкявичюс** – 1929 жылы Литваның Дзукии облысында туған. Табиғаты қатаң, жұтаң болғанмен, рухани игіліктерге бай бұл өңір ақынның алтын бесігі болады. Оның балалық, жастық шағы қырқыншы жылдардағы тап тартысының күшейіп тұрған кезеңімен және екінші дүниежүзілік соғыспен тұспа-тұс келді. Осы күрделі кезеңдер және 1950-1953 жылдар аралығында әскер қатарында болған уақыт оның табиғи дарынын ұштай түседі, рухын жанып, өр тұлғасын қалыптастырып, азаматтық және ақындық болмысының бедерлене түсуіне ықпал етеді. Осы жылдары оның “Қатарға” атты алғашқы жыр жинағы жарық көреді. Бұдан кейінгі жылдарда ақынның “Мазасыз құстар” (1958), “Жүректі қаһармандықпен бағалаймыз” (1962), “Мені шығарып салшы, жел” (1968), “Көкнәрдің шешек атуы” (1972) шығармалар жинағы шығады.

XX ғасыр поэзиясында өзіндік орны бар неміс ақыны, романист, сыншы әрі публицист **Герман Гессе** Вюртембергтегі Кальва қаласында діни кітаптарды шығарушы миссионер-пиетист отбасында дүниеге келген. Гессе бала күнінен ақын болуды армандаса, оның ата-анасы отбасы дәстүрін жалғастырушы ретінде көргілері келді. Ата-ана тілегін орындау мақсатында Гессе Геппингендегі Латын мектебіне оқуға түсіп, келесі жылы Маульбронндағы протестант семинариясына ауысады. Бірақ қаншама тырысқанымен одан пиетист шықпайды. Біраз уақыт әкесінің баспасында жұмыс істеген ол тағы біраз кәсіптердің басын шалады. 1895 жылы Тюбинген қаласындағы кітап дүкеніне сатушы болып орналасады. Міне, осы жылдары Гессе кітап оқуға барынша мүмкіндік алады. Оның қызыға оқығандары – Гетенің және неміс романтиктерінің шығармалары еді. Өз бетімен білімін толықтыра жүріп, 1899 жылы “Шағын үйірме” атты әдеби ұйымға кіреді. “Романтикалық әндер” атты алғашқы өлеңдер жинағын және “Түн ортасы ауғанда” атты қысқа әңгімелер мен қара сөзбен жазылған өлеңдерден тұратын кітабын жарыққа шығарады. Алғашқы романы “Герман Лаушердің қайтыс болғаннан кейінгі өлеңдері мен шығармалары” 1901

жылы жарыққа шығады. Ал “Петер Каменцинд” атты екінші романы қаламгерге әдеби жетістік әкелді. Бұдан кейін “Доңғалақ астында” (1906) хикаяты, “Гертруда” (1910) романы жазылды. 1911 жылы Үндістан сапарына шығып, одан оралған соң “Индиядан” атты өлеңдер, әңгімелер және очерктер жинағын жариялайды. 1914 жылы “Росхальде” романын жазды. 1912 жылы Герман Гессе Швейцарияға келіп, 1913 жылы осы елдің азаматтығын алады. Пацифист ретінде өз Отанындағы қанқұйлы ұлтшылдыққа қарсы шыққандығы Герман Гессенің жазушылық даңқына нұқсан келтіреді, ол жәбірлеуге ұшырайды. Оның пайымынша, соғыс – Еуропадағы рухани дағдарыстың салдары. 1916 жылы соғыс жылдарының жанды жаншыған ауыртпалығы, әйелінің ауруы, әкесінің өлімі жүйке-жүйесінің бұзылуына әкеледі. Бұл дерттен ақын Карл Юнг шәкіртінен психоанализ әдісі арқылы емделеді. Юнг теориясының әсерімен 1919 жылы “Демиян” романын жазып, Эмиль Синклер деген бүркеншік атпен жариялайды. Бұл роман соғыстан кейінгі Германия жастарына үлкен әсер етіп, кең таралады. Жазушы бұдан соң “Сиддихарттар” (1922), “Дала көкжалы”, “Нарцисс пен Гольдмунд”, “Шытыра моншақ ойыны” туындыларын жарыққа шығарды.

1946 жылы Герман Гессеге қайталанбас тамаша мәнері мен гуманизмге толы шығармалары үшін Нобель сыйлығы беріледі. Қаламгер бұдан басқа Готфрид Келлердің Цюрих әдеби сыйлығымен, Гете атындағы Франкфурт сыйлығымен, Батыс Германия кітап шығарушылары мен кітап сатушылары ассоциациясының сыйлығымен марапатталған. Берн университетінің құрметті доктор дәрежесін алған.

Герман Гессе 85 жасында Швейцарияда қайтыс болды.

XX ғасырдағы көрнекті тұлғалардың бірі – **Пауль Целан** (*шын фамилиясы Анчель*) австриялық ақын әрі аудармашы. Черновцы (Бковина) қаласында, румындарға бодандықтағы еврей отбасында дүниеге келген. Алғашқы білімді халықтық мектептен алған ол 1930-1938 жылдар аралығында грек-латын гимназиясында оқиды. Әдебиетке деген құштарлығы Гофманстал мен Рилька шығармалары арқылы оянған Паульдің алғашқы туындылары 1934-1935 жылдары жазылған болатын. 1938 жылы Франциядағы Тур қаласында медицина мектебінде білімін жалғастырады. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты үйіне оралып, Черновицы университетінде роман филологиясы бойынша дәріс оқиды. Соғыс жылдарында көп ауыртпалықты көрген ақын тағдыры сан мәрте өлім мен өмір ортасында тайталасты. Концлагерьде азап шегеді. Бар жақындарына айырылып, өзі кездейсоқ тірі қалады. Бұл жылдар оқиғасы Пауль шығармашылығындағы трагизмнің бастаулары болды. 1944 жылы Черновицыға келген соң өзінің машинкаға басылған алғашқы поэзиялық жинағын құрастыра бастайды. Екінші жыр жинағын да осы жылы, осы

қалыпта топтастырады. Екі жинақ та белгілі Буковиндік ақын Маргул-Шперберге оқуға беріледі. Ол Целанның шығармаларына жоғары баға береді.

Ақынның алғашқы кітабы “Мак пен естелік” деген атпен 1952 жылы Францияда жарық көреді. Целанның “Ажал фугасы” атты белгілі өлеңі ащы шындықты дәл бейнелеп жеткізуімен маңызды туынды. Ақынның көптеген өлеңдері “XX ғасырдың белгісі, нышаны” болса, бұл, ең алдымен, осы өлеңге қатысты. 1955 жылы “Шектен шекке” атты кітабы және Эрик атты ұлының дүниеге келуі ақын өміріндегі үлкен оқиға болды. Поэтикалық сезімталдығы мен суреткерлік талғамы аса жоғары ақын өмірінің біраз жылдарын көркем аудармаға арнады. А.Блок, С.Есенин, О.Мандельштам сияқты орыс, Поль Ва-Лери, Артюр Рембо сынды француз ақындарының шығармаларын неміс тіліне аударды.

Пауль Целан Германияның, Румынияның көптеген әдеби сыйлықтары мен марапаттарына ие болды. Нақты Отаны мен тарихи Отаны оны құрметтен құр қалдырмады десе де болады.

Пауль Целан 1970 жылы Париж көпірінен Сенаға құлап мерт болды. Қайтыс болғаннан кейін жарық көрген кітабы “Әлемнің шарасыздығы” деп аталды.

XX ғасырдағы Еуропа поэзиясы осындай көрнекті тұлғалардың терең мазмұнды, поэтикалық тілге, бейнеге бай ақындар туындыларымен салтанат құрады. Оқырманға еуропалық ақындар шығармалары қазақ ақындарының аударуымен ұсынылды. Темірхан Медетбек (Э.Верхарн), Ертай Ашықбаев (Х.Р.Хименес, Я.Сейферт, С.Георге, Г.Гессе, П.Целан, З.Херберт, Р.М.Рильке, У.Б.Йейтис), Светқали Нұржан (Г.Бенн, Э.Монтале, П.Элюар, Т.Аргези), Ғазиз Ештанаев (М.Бор, Э.Коцбек, В.Шимкус, Б.Мацкявичюс), Қалбан Ынтыққанұлы (Т.Элиот) аударуындағы поэзиялық дүниелер өлеңсүйер қауым көңілінен шығарына сенеміз.

**Жанат ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ,**  
*ақын, әдебиеттанушы*



ЭМИЛЬ ВЕРХАРН

---

---

### ҚАРАША АЙЫ

Ірің менен қайғы түстес жапырақ  
Түсіп жатыр, ұшып жатыр қалтырап.  
Сартап болған ауыр қайғы басады  
Жүрегімді жатқан менің қансырап.

Көзсіз соқыр көк аспанның торабы  
Жалба-жұлба бұлттарға толады.  
Күн дөңгелеп қаңғып кеткен бір жаққа,  
Қара дауыл құтырынып соғады.

Қараша айы кіріп алған ішіме!

Қарауытып көрінеді ағаштар,  
Ағаш іші абыр-сабыр, таластар.  
Ой-сананды кеміреді сонан соң  
Әлдеқандай уіл шығып адасқан.

Қараша айы кіріп алған ішіме!

Ірің менен қайғы түстес жапырақ  
Түсіп жатыр, ұшып жатыр қалтырап.  
Жел мен жаңбыр жыртады кеп  
жұлмалап  
Жүрегімді жатқан менің қансырап.

### ҚАЙДА ЕКЕНІН БІЛМЕЙМІН

Тұтасып бір көкпеңбек боп мұз жатқан  
Көзге түртсе көрінбейтін түн жапқан,

Сақылдаған аязы бар, бораны  
Теріскей деп аталатын бір жақта

Суық жатыр. Сөзің мұз боп сынады.  
Көлдің беті көк шыны боп түр әні.  
Ағаштарға қонып алған тұтасып  
Егеу-сынды өткір түкті қырауы.

Түршіктіріп, зықың менен құтыңды ап  
Түн басады қаңқа құсап сықырлап.  
Жүзіңді егеп тәлкек қылған суық түн  
Көк төсінен жұлдыздарды  
Шегедей  
Қысқаш құсап алатындай жұлып бір.

Тынып қалған мұз қаптаған жондар да,  
Тынып қалған мұз қаптаған қоңырау да.  
Мұз қаптаған саборлар да тынып тұр,  
Аза тұтып жылардаймын ұлып бір,  
Өз-өзімнен түршігіп мен дір еттім.  
Бұл халді мен айыра алмай дал болдым:  
Теріскей сол өлкеде ме, жоқ әлде  
Теріскейінде ме жүректің.

## БАС

Балтасына қатігез бен қаталдың  
Үн шығармай басты ұмсынып жата алдың.  
Тұр ғой қазір бұлшық еттер ойнақ сап,  
Тойын тойлап қызыл қан мен металдың.

Өртін жиып батар күннің шапағы,  
Басар келіп қара түннің шапаны.  
Былқ-сылқ еткен өлі сенің денеңді  
Әрі аунатып, бері аунатып жатады.

Жылан сынды зұлымдықтар, ал енді  
Жалмап жұтып бара жатар әлемді.  
Сонан кейін анаң құсап даңқ кеп  
Құшақтайды сенің бассыз денеңді.

Енді өзіңде бар абырой, бар асыл:  
Піскен удай, жай тасындай дарасың.  
Жұрттың мынау, алмас кездік сияқты  
Санасында – қадалып сен – қаласың .

Балтасына қатыгез бен қаталдың  
Үн шығармай басты ұмсынып жата алдың.  
Тұр ғой қазір бұлшық еттер ойнақ сап  
Тойын тойлап қызыл қан мен металдың!

### ЕССІЗДІҢ ӘНІ

Қап-қараңғы көрге кірген кезінде  
Айқай салып берілме бос сезімге:  
Біттім, мейлі өштім де –  
Өксігіңді тыңдамайды ешкім де.

Бір кездерде соқа тартқан демесең  
Ол жер өлі әлем ғой.  
Өлік толы бар айналаң, бар жерің,  
Ол жер енді тұрғызбастан ешкімді  
Шірітетін терең ғой.

Күні батып тірліктің,  
Нандай илеп тасты да  
Дүниені басқан кезде астына  
Сұрқы қашып қаланың,  
Құты қашып даланың  
Құлдық пенен күндікке  
Түсер келіп алабың.

Қап-қараңғы көрге кірген кезінде  
Айқай салып берілме бос сезімге:  
Жаны олардың айналады ұранға,  
Тәні олардың айналады құнарға!

### ЖЕЛТОҚСАН

– Есіктерді ашыңдаршы, адамдар!  
Кезіп келем, үй қалдырмай үйлерден.

Ашыңдаршы қаламаңдар, қалаңдар  
Өліп қалған жапырақтар кигем мен.

– Емін-еркін, кір қанеки, қара жел,  
Айналамыз жомарт пенен мырзаға.  
Сәлем саған, келіп жеткен, қара жел,  
Қыс бойы енді өмір сүрші мұржада!

– Киіп алғам қар аралас жаңбырды,  
Ашыңдаршы! Келіп тұрмын қапылып.  
Тұман болып тоғайларда қаңғыдым,  
Кеткім келіп бәрін енді сапырып.

– Бір уыс қып жіберетін әлемді  
Өздерінді баяғыдан біледі ел.  
Жаңбыр менен тұмандарым, ал енді  
Арса-арса қабырғадан кіре бер.

– Ашыңдаршы, адамдар-ау, бәрін де  
Алақұйын бір сұмдықты бастайын.  
Көрмегенді көрсетейін көрінде.  
Ақ кебінге орап бәрін тастайын.

– Қарсы тұрмас саған есті, ессіз де,  
Лап қойыңдар, борасын мен борандар!  
Ақ қарыңмен тұншықтырып пешті де  
Ал, қанеки, бәрін тонап, талаңдар.

Жаңбыр, құйшы, жел, ышқынып теп енді!  
Асып тұр ғой айбарың мен айбының.  
Сендерді біз сүйеміз ғой,  
Себебі  
Ұққыздыңдар не екенін қайғының!

### ТАҢЕРТЕҢ

Сілкіп тастап түннің қара шапанын  
Сапарға мен шығып бара жатамын.  
Жүрегіме құйып алған нұр, сәуле,  
Киіп алдым таңның қызыл шапағын.

Жан толқытар кіргендеймін толқынға.  
Сап-сап көңіл! Тек мастанып асқынба.  
Тасталады кедергілер алынып,  
Тас ән салар табаныңның астында.

Асқақпын мен! – мынау ғажап өлкеде.  
Қорқыта алмас енді мені өлім де.  
Өн бойыма қайрат, қуат құйылып  
Кетердеймін көтеріп ап бәрін де.

Мен дәл қазір құдіретпін, құдаймын!  
Аспандағы сөнбейтұғын күн, аймын.  
Гүл біткеннің еріндерінен сүйіп мен,  
Шалғындардың арасына құлаймын.

Құс боп қазір кетердеймін ұшып-ақ.  
Осы бір сәт, осы бір шақ қызық-ақ.  
Жапырақтармен сөйлесемін мың тілде  
Ормандардың соқпағына түсіп ап.

Бұрынғы өмір – өмір емес, өлексе  
Болған еді ал осы сәт ерекше.  
Даналардың деміндей боп сезілер  
Дәл қасымнан желпініп бір жел өтсе.

Құрмет тұтам қарап жасыл өскінге,  
Құлақ тосам қаумалаған есті үнге.  
Раушан гүлге қадаламын телміріп.  
Менен бұрын көрмегендей ешкім де!

Алғаш соғып тұрған сынды желім де.  
Жоқ қой қазір қайғы, мұң да, шерім де.  
Айналаның бәрі жасыл, жап-жаңа,  
Жаңа ғана келгендей ғой өмірге.

Сүйем қазір көз бен қаным, санамды,  
Сүйем қазір қалалар мен даламды.  
Жұтамын кеп құнығып мен ауаны  
Жұтқандай-ақ бүкіл мына ғаламды.

Тау мен тасқа, ормандарға бер сәлем.  
Сәлем бер де, өрге қарай өршелен...  
Осынау бір дүниенің ішінде  
Ессіз, ойсыз мас адамдай теңселем.

### АЛҒА

Түн ішінде тереземді ашамын.  
Ашамын да тебіреніп тасамын.  
Пойыздардың сарындарын сіміріп  
Ішемін де шөлімді мен басамын.

Алып жартас құлағандай жарылып,  
Немесе бір кратерлер ағылып.  
Пойыз біткен бара жатар арқырап  
Ауызынан от бұрқырап сабылып.

Пойыз біткен өтіп жатыр арқырап.  
Кетемін ғой дүрсілінен қалтырап.  
Сол дүрсілдер болады ғой бетіңді  
Шапалақпен жібергендей тартып-ақ.

Тұла бойың от боп кетер лаулаған.  
Ой туады сезіміңді баураған.  
Жүйке, тамыр, талшықтарың шулайды  
Сол пойыздан дүрсіл қағып заулаған.

Заулайды олар ән мен әуен, жыр алып,  
Жол-жөнекей қанша шер мен сыр алып.  
Айдаһардай жиырылып созылған  
Жатыр онда бүлікшілдік, бұлалық.

Жанданып-ақ кетеді қыр, ойың да!  
Мұндай сәтке болмайды ғой тойым да.  
Су мен құйын, ормандардың дауысы  
Жаңғырады бүкіл тұла бойыңда.

Жаңа ғана өзін-өзі тапқандай,  
Дүниені сілкіп дабыл қаққандай  
Заулайды кеп, заулайды кеп, заулайды

Найзағайлы отты құйын аққандай.  
Түк қалдырмай жолында  
Бәрін жалмап жұтап бара жатқандай.

### ЛОНДОН

Қарашы сен шойын дене Лондонға  
Тұнып тұр ол шыңыл менен солқылға.  
Кетеді ғой осы жерден аттанып,  
Қарсы аттанып дауыл, жартас, толқынға.

Тұнып тұр ол ыс пен газға, үндерге.  
Жарқ етеді ол найзағай кеп тілгенде.  
Паровоздар айқай салып шыңғырып  
Бет алады түпсіз қара түндерге.

Көшелері қара қошқыл түрге енген  
Мәңгі ұмытпас бұл суретті бір көрген:  
Көмкерілер – қалқып шыққан өліктер! –  
Борсып кеткен суға шыққан гүлдермен.

Әйел, ері батқан қанша күнәға  
Шыққан дерсің бәрі ін мен ұрадан.  
Біліп ал сен, толқып жатқан теңселіп  
Лондон осы – күліп, бірде жылаған!

### ҚИЫРДАҒЫ БАСПАНА

Тұрсың жалғыз, қыс ішінде, қиырда  
Оранып ап жел, тұман мен құйынға!

Қарашаның суығы ұрған кезінде,  
Өлеусіреп шам жанады өзінде.

Йод, шөптер... иісіндей тозақтың,  
Сіңіп қалған ыс, күйесі ошақтың.

Екі күн бойы толқындармен күресіп,  
Әке ұйқыда – қатып қалған сіресіп.